

М.Б.Бактыбеков¹, М.Х.Матаева¹

¹Alikhan Bokeikhan University

Қазақстан, Семей

(e-mail: mukhtar-79@mail.ru)

Қазақстандағы конституциялық реформа аясында конституциялық бақылауды қалыптастыру мәселесі

Аннотация. Конституциялық бақылау институты демократиялық мемлекеттің қажетті тетігі болып табылады. Ол Конституция үстемдігі мен қорғалуын қамтамасыз етеді. Қазақстан Республикасындағы конституциялық реформалардың арқасында құрылған Конституциялық Сот жаңа мәртебе мен өкілеттіктерге, міндеттерге ие болып отыр. Бұларды жүзеге асыруда аталған органның тиімділігін арттыру үшін бірнеше өкілеттіктерін жетілдіру қажет. Соның ішінде азаматтардың құқықтарын қорғаудағы объективті конституциялық позициялар мен түсіндірмелердің болуы шарт. Сол сияқты аталған органға жүгіну құқықтары берілген субъектілердің қатарына саяси партиялар мен қоғамдық бірлестіктерге құқық беру конституциялық бақылаудың негізгі міндеттері мен мәнінің толық ашылуына мүмкіндік береді. Зерттеу барысында Конституциялық Соттың осы негізгі бағыттарын қалыптастыруда маңызды болатын тетіктер мен өкілеттіктердің қажеттілігі көрсетіліп отыр. Бұл конституциялық реформа барысында конституциялық бақылауға жаңа серпін береді деген ойдамыз.

Түйін сөздер: Конституция, конституциялық реформа, Конституциялық Кеңес, Конституциялық Сот, конституциялық бақылау.

М.Б.Бактыбеков¹, М.Х.Матаева¹

¹Alikhan Bokeikhan University

Қазақстан, Семей

(e-mail: mukhtar-79@mail.ru)

Проблемы формирования конституционного контроля в условиях конституционной реформы в Казахстане

Аннотация. Институт конституционного контроля является необходимым механизмом демократического государства. Он обеспечивает верховенство и защиту Конституции. Конституционный Суд, созданный благодаря конституционным реформам в Республике Казахстан, обрел новый статус, полномочия и обязанности. Чтобы повысить эффективность этого органа, необходимо улучшить его полномочия и деятельность. Наиболее актуальны вопросы объективных конституционных положений, выводов и толкований защиты прав граждан. Предоставление права политическим партиям и общественным объединениям среди субъектов, имеющих право обращения в указанный орган, также позволяет в полной мере раскрыть основные условия и смысл конституционного контроля. В ходе исследования показана необходимость в механизме конституционного контроля и полномочий, имеющих важное значение в формировании основных направлений деятельности Конституционного Суда. Мы считаем, что эта конституционная реформа придаст новый импульс конституционному контролю.

Ключевые слова: Конституция, конституционная реформа, Конституционный Совет, Конституционный суд, конституционный контроль.

М.В. Baktybekov¹, М.Н. Mataeva¹

¹Alikhan Bokeikhan University

Kazakhstan, Semey

(e-mail: mukhtar-79@mail.ru)

Problems of formation of constitutional control in the context of constitutional reform in Kazakhstan

Abstract. The institution of constitutional control is a necessary mechanism of a democratic state. It ensures the supremacy and protection of the Constitution. The Constitutional Court, created thanks to the constitutional reforms in

the Republic of Kazakhstan, has new status, powers, and duties. In order to increase the effectiveness of this body, it is necessary to improve several powers. Among them, it is necessary to have objective constitutional positions and interpretations for the protection of citizens' rights. In the same way, granting the right to political parties and public associations among the entities with the right to apply to the said body allows for the full disclosure of the main terms and meaning of constitutional control. In the course of the study, the need for mechanisms and powers that are important in the formation of these main directions of the Constitutional Court is shown. We believe that this constitutional reform will give a new impetus to constitutional control.

Keywords: Constitution, constitutional reform, Constitutional Council, Constitutional Court, constitutional control.

Кіріспе. Мемлекеттің конституциялық дамуы маңызды жүйе болып табылады. Онда қоғам үшін конституциялық дамудағы мемлекеттік билік, адам құқықтары, заң үстемдігі, демократиялық институттар бойынша сұрақтар шешіледі.

ҚР конституциялық реформа бойынша күрделі өзгерістер қабылданып, мемлекеттік биліктің тармақтарға бөліну қағидасын күшейтуде бірнеше өзгерістер қабылданды. Әсіресе Президенттің шектен тыс билік өкілеттігін шоғырландыруы, демократиялық институттарды нығайту, Парламент билігін күшейту, Адам құқықтарын қорғау механизмдерін жетілдіру, Конституциялық Сот мәртебесін күшейтумен байланысты жүйелік құрылымдарға көңіл бөлінді.

Осы қадамдардың ішінде Конституциялық Кеңестің орнына Конституциялық Соттың құрылуы аталған институтқа жаңа серпін берді. Конституциялық бақылау мемлекеттегі Конституцияның үстемдігі мен жүзеге асырылуын қамтамасыз етуші демократиялық институт. Конституциялық бақылаумен мемлекеттің дамуында Негізгі Заңға сай құқықтық жүйенің сақталуы, Конституцияның мазмұнының сақталуы және заман талабына сай түсіндірілуі (нақтылануы) жүзеге асады, Конституция нормалары қорғалады.

Қазақстан Республикасының демократиялық, құқықтық мемлекет болып қалыптасуының жаңа кезеңінде Конституциялық Сотқа үлкен міндеттер қойылып отыр. Ол конституциялық тоқырауда орын алған қиындықтарды жою мен адам құқықтары мен бостандықтарының конституциялық негізділігін қамтамасыз ету. 2022 ж. бүкілхалықтық референдум арқылы қабылданған конституцияға өзгерістер мен

толықтырулар туралы заңымен [1] және Конституциялық Сот туралы Конституциялық Заңымен [2] жаңа органның статусы анықталып, қызметі басталды. ҚР Конституциясында органның мемлекеттік билік жүйесіндегі орны ақталып оның Конституцияның үстемдігін орнатудағы тәуелсіз мәртебесі бекітілді.

Қазіргі уақытта, конституциялық бақылау органын жаңадан жасақтаумен Конституцияны қорғауда, оның қызметі мына бағыттарда жұмыс атқаруы тиіс деп ойлаймыз:

1. Мемлекеттік билікке бақылау орнату. Конституцияның мазмұнында билік тармақтарының тепе теңдік тежемелік негізінде қызмет атқаруы, халық билігінің сақталуы, демократияны нығайту.

2. Адам құқықтары мен бостандықтарының жоғары дәрежеде қорғалуы мен жүзеге асырылуы.

Осы екі бағытты жүзеге асыруда Конституция негізгі өлшем құралы, мақсаты мен құндылығы болады.

«ҚР үшін заңнаманы жетілдіру аясында адамға бағытталған жүйені құру, адам құқықтары мен бостандықтарын арттыру, құқықшығармашылық процессін жетілдіру, халықаралық және ұлттық құқықтардың үйлесімі, демократиялық институттарды жетілдіру маңызды болады.» [3, 6 б.] Сонымен қатар Президентпен «халық үнін еститін», тиімді, есеп беретін, кәсіби мемлекет құру қойылып отыр.

Конституциялық құқық Қазақстанның құқықтық жүйесінің негізі ретінде қоғам мен мемлекеттің құндылықтары мен артықшылықтарын анықтайды.

Сондықтан конституциялық нормаларды жүзеге асыруда бақылау институтын жетілдіру ондағы кездесетін қиындықтар мен кемшіліктерді оңды

шешуге мүмкіндік береді. Біріншіден, конституцияны қоғау механизмі ретінде мемлекеттік органдар мен олардың қызметінің Конституцияға сәйкестігін қарайды, оның элементтерінің тиімді болу жағдайлары қаралады. Мысалы, азаматтар мен ұйымдардың шағымдану мүмкіндіктері, судьялардың тәуелсіздігі, органның шешімдерінің мазмұны мен орындалуы.

Екіншіден, конституциялық позициялар мен тұжырымдардың дұрыс қалыптасуын қамтамсыз етеді. Осының арқасында заңшығарушының Конституцияда бекіткен принциптері мен құндылықтарын қазіргі заман талабына сай нақты жағдайлардағы сұрақтарын ашады.

Сондықтан қазіргі уақытта:

- Конституциялық бақылаудың қалыптасуы мен дамуын ашу, оның ықпалды институт ретінде маңызын анықтау;

- Конституциялық Сот органының мәртебесі мен қызметін айқындау;

- конституциялық сотөндірісінің ерекшеліктері мен жетілдіру мәселелерін беру;

- Конституциялық Соттың шешімдерінің орындалуы мен міндеттілігін анықтау;

- конституциялық бақылау бойынша заңнамалардың дамуы маңызды болып отыр.

Зерттеу әдістері. Зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында диалектикалық және логикалық тәсілдер қолданылып, категорияларға талдау жасалды, қайшылықтар анықталып, ортақ міндеттер мен тұжырымдар көрсетілді. Тарихи әдіс арқылы конституциялық бақылау органының қалыптасу кезеңдері берілді. Салыстыру арқылы өзге мемлекеттердегі Конституциялық Соттардың тәжірибелері берілді. Сонымен қатар заң ғылымының арнайы әдістерімен нақты категориялар мен заңнамалық негіздер талданды.

Зерттеу нәтижелері.

2022 ж. қаңтар оқиғасынан кейін Қазақстан жаңа конституциялық дамудың міндеттеріне көшті. Бұл тиімді

конституциялық бақылаусыз мүмкін емес. Ол үшін ең алдымен, Конституциялық Кеңес орнына Конституциялық Сот құрылды. Кеңеске қарағанда азаматтар тарапынан жолданымдарын қарауға мүмкіндік беріліп, оның нақты істер бойынша конституциялық заңнамалардың жүзеге асуы мен азаматтардың құқықтарын қорғау бойынша нақты әрекеттері іске асты. Азаматтар тарапынан конституциялық қағидалар мен ережелердің құқықтық қатынастарда сақталуына мүмкіндік беріліп, азаматтардың белсенділігін арттырды.

Сонымен қатар аталған органның судьяларының 40 жастан асқан, кәсіби біліктілігімен бірге өмірлік тәжірибесі бар адамдардың алыну талаптары бекітілді. Осымен қатар оның судьялары ретінде тек белгілі бір саясатты жүргізетін кез-келген адамдардың ғана емес, жеке қабілеттері толысқан, жаңа құқықтық позицияларды конструкциялау мен түсіндіре алатын аналитикалық (шығармашылық) ойлауға жақын адамдарды алу қажеттілігі көрсетілді. Бұл мәселеге қатысты кандидаттарды таңдауда нақты заңның талаптарын жетілдіру керек.

ҚР Конституциясының 71-бабы 2-3-тармақтарында Конституциялық Соттың Төрағасын Сенаттың келісімімен және төрт судьясын Президент, үш-үштен алды судьясын Мәжіліс пен Сенат тағайындайды. ҚР Конституциялық Сот туралы Конституциялық Заңының 5-бабында судьяға кандидаттарға қырық жасқа толған, жоғары заң білімі бар, құқық саласында жоғары біліктілігі, мінсіз беделі бар он бес жылдан артық жұмыс өтелі талаптарының қойылуы, аталған органның қызметінің сапасын арттыруға бағытталды. Сыни талдау мен шығармашылық көзқарастары бар азаматтардың судья болуы органның беделі мен қоғамдағы қызметін жоғарлатады. Бірақ бұл нормалар кандидаттарға қойылатын шынайы талаптарды көрсете алмауы мүмкін. Сондықтан бұл күрделі мәселені анықтауда заң тәжірибесіндегі көпжылдық білікті еңбегіне баса назар аудару керек немесе келесі бір жартысын конституциялық құқық бойынша академиялық және ғылыми

зерттеушілік мүмкіндігі жоғары (доктриналдық тұжырым жасай алатын) заңгерлерді, саясаттанушыларды тартқан жөн. Кандидаттарды таңдауда ұсынушы құзыретті органдардың Жоғарғы Сот Кеңесі, Судьялар одағы, Адвокаттар алқысы, Заңгерлер бірлестігі, сияқты құрлымдардың ұсыныстары мен кеңестеріне сүйенгені дұрыс. Бұл конституциялық бақылау қызметінің тиімділігін арттырып, билік тармақтарының бірдей үлесімен қатысуының арқасында тәуелсіз қызметін күшейтеді.

Тағы бір ерекше фактор, судьялардың ерекше пікірлерін білдіру мәселесі және судьялардың әртүрлі партия өкілдерінен болуы. Бұл Конституциялық Соттың қызметіндегі әртүрлі пікірлер мен конституциялық түсініктер мен көзқарастардың, талқы мен бәсекелестіктің болуын қамтамасыз етеді. Мысалы, «Хорватия Конституциялық Сотында негізгі партиялардан Парламент арқылы тағайындалған судьялардың көзқарастарымен Сот қызметінің полиризациялануы конституциялық өндірісте біршама дискуссияны қалыптастырып отыр» [4]. Көп жағдайда Конституциялық Соттардың тәуелсіз қызметі мемлекеттердегі қалыптасқан саяси режимге байланысты. Егер Конституциялық Соттың құрамы әртүрлі көзқарастарды еркін айта алатын судьялардан құралса, онда Конституциялық Сот мемлекеттегі демократиялық процесстерді жүзеге асырудағы ықпалды құрлым болады [5].

Сонымен қатар Конституциялық Соттың өкілеттіктерін анықтау оның мемлекеттік билік жүйесіндегі маңызы мен беделін анықтауға мүмкіндік береді. Тиімді және ықпалды өкілеттіктерінің арқасында конституциялық құқықтық проблемалар ресми түсіндіріліп, құқықтық бағыттар анықталады. Осының арқасында Конституциялық Соттың мемлекеттік билік жүйесіндегі мәнін ашып, оның шешімдерінің әлеуметтік маңыздылығын көрсетеді.

Бұл көп жағдайда аталған құрлымға жүгінетін субъектілердің белсенділігіне

байланысты. Конституциялық реформа аясында Конституцияның 72-бабы 3-4-5-тармақтары бойынша азаматтар, Бас Прокурор, Адам құқықтары жөніндегі Өкіл жолданымдар жасауға құқық алып отыр. Соңғы статистикалық мәліметтерге қарайтын болсақ Конституциялық Сотқа түскен шағымдардың басым бөлігі азаматтар тарапынан болып отыр. Бұл азаматтардың белсенділігінің жоғары екендігін көрсетеді. Бұған басты себеп, азаматтардың өз құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруда конституциялық құқықтық мәселелермен тікелей кездесуі, жеке мүдделерінің туындауы, және мемлекеттік органдарға қарағанда ведомствалық мүдделерден тәуелсіз болуы. Азаматтардың Конституциялық Сотқа шағымдану құқығының танылуы өте тиімді және қажетті механизм деп айтуға болады. Осының арқасында қоғамдағы адам құқықтары мен бостандықтарының жоғары тәсілдері мен кепілдіктері жүзеге асып отыр.

Конституциялық Сотқа шағымданушы субъектілердің қатарын ұлғайтуда қазіргі күнде парламент Мәжілісінің фракцияларының, Парламентке кірмей қалған саяси партиялардың, қоғамдық бірлестіктер мен үкіметтік емес ұйымдарға құқықтар беру ұсынылуда. Бізде бұл ұсынысты қолдай отырып, мынадай негіз келтірер едік. Бұндай ұйымдарға шағымдануға құқық беру мемлекеттік билікті ұйымдастырудың конституциялық мазмұнын арттырады. Себебі азаматтардың Конституциялық Сотқа шағымдану құқығы көп жағдайда тек саяси құқықтарды ғана қамтымайды, олар өзге де әлеуметтік мәселелерге арналады. Ал қоғамда мемлекеттік билікті құруда саяси партиялар мен қоғамдық бірлестіктердің ролі жоғары. Мемлекеттік билік саяси және идеологиялық плюрализмге негізделген саяси және қоғамдық бірлестіктердің ықпалымен жүреді. Сондықтан бұл белсенді және қажетті ұйымдардың бірдей мүмкіндіктері мен конституциялық негізділігін қамтамасыз ету үшін саяси процесстер мен мемлекеттік билікті ұйымдастырудағы

кепілдіктер болуы шарт. Әсіресе сайлау процесі мен жоғары билік органдарының қызметін ұйымдастыруда аталған субъектілерге конституциялық шағымдану құқықтарының берілуі осы саладағы конституционализмді дамытады. Сонымен қатар, қазіргі сайлау процесі мен билік тармақтарының арасындағы тепе теңдік пен тежемелік қағидасының тиімді іске асуына мол мүмкіндік болмақ. Себебі мемлекеттегі сайлау процессінің ең мүдделі субъектілері саяси партиялар мен қоғамдық ұйымдар екеніне ешкім күмен келтірмес. Өзбекстан Республикасының Конституциясының 133-бабында азаматтар мен ұйымдардың Конституциялық Сотқа шағымдану құқықтары бекітілген [6]. Мысалы, Ресей Федерациясының Конституциялық Соты партияның «РФ азаматтарының референдумға қатысудағы сайлау құқықтарына негізгі кепілдіктер туралы» Заңының Конституцияға сәкестігін қараған болатын [7]. РФ КС №23 қаулысы партия мен бөлімдерінің халыққа әлеуметтік төлемдер беретін орындармен бір ғимараттарда немесе жақын жерлерде орналасуына рұқсат етілітінін анықтап, заңның талаптары Ресей Конституциясына қайшы емес деп танылды. Сонымен бірге партияның бөлімшесі ақшалай төлемдерді беретін орындармен бір ғимаратта болуы, егер олар тыйым салынған орындарды арнайы мақсаттарда пайдаланылмаса заңды деп таныды. РФ Конституциялық Сотының қаулысымен аталған Заңмен Конституцияның сәкестігін қарауда маңызды бірнеше конституциялық позициялар анықталды:

1. Саяси партиялар сайлау процесінің ұжымдық субъектісі ретінде партиялардың қызметін реттеу идеологиялық және саяси плюрализмге, заң мен сот алдындағы теңдік пен көппартиялыққа негізделуін анықтайды;

2. Құқықтық реттеуде формальды анықтылық талаптарын анықтауда бағалаушылық және жалпықалыптасқан түсініктерді қабылдау мен түсіну арқылы аналогия және соттың түсіндіру актілерімен бірге жүретіні анықталды. Сондықтан бұндай жағдайларда сайлау комиссияларымен істерді қарауда оның

саяси, әкімшілік, жеке және өзге де ұстанымдардан тыс болып, объективті шешім қабылдау қажеттілігі анықталды. Бұл өз кезегінде қоғам, саяси партиялар, мемлекет арасында өзара сенімді қалыптастырады. Сонымен қатар соттар осы позицияда әрекет ете отырып сайлау органының шешіміне әкімшілік талапты қарауда сот өндірісінің жан-жақты, объективті, толық болуын және тек нормативтік формальды талаптармен шектелмей, соттөрелігі үшін шынайы жағдайларды зерттеуін көрсетті.

3. Сайлау процесінде жалпы демократиялық негіздерді сақтаумен бірге, оның екінші жағы болатын, сайлау процесінің қатысушыларының құқықтық, ақылға сыйымды, негізді мүдделерін қорғау керектігін көрсетті.

Осыдай құқықтық позициялар Қазақстан Республикасындағы саяси партиялардың бәсекелестігі мен құқықтарының қорғалуы үшін маңызды. Саяси партиялар мен қоғамдық бірлестіктердің Конституциялық Сотқа жүгіну құқықтарын алуы саяси процестер саласында қатысушыларды белсенді етіп, неғұрлым маңызды мәселелердің дер кезінде көтерілуіне мүмкіндік берер еді. 1993 ж. 15 сәуірдегі «ҚР конституциялық сотөндірісі туралы» Заңның 18-бабында қоғамдық бірлестіктердің Конституциялық Сотқа жүгіну құқықтары болған. Бұндай маңызды механизмдерінен 1995 ж. Конституциялық Кеңестің құрылуымен ықпалынан айырылған болатын. Заң ғылымы докторы М.К.Сулейменов кезіндегі М.Т.Баймахановтың басқаруындағы Конституциялық Сот Конституциялық Кеңеске қарағанда, өз уақытының прогрессивті құрлымы болғанын көрсетеді. Бұрынғы Конституциялық Соттың судьясы Сабыр Қасымов, Конституциялық Кеңестің азаматтар мен ұйымдардың өтініштерін тікелей қарай алмағандығы, тек кеңесші орган дәрежесінде қалғанын [8] көрсетті. Сонымен бірге Президент шешімдері мен мемлекеттік маңызды шешімдердің заңдылығын тексеру мүмкіндігінен айырылған болатын.

2010-2020 ж. кезеңдердегі құқықтық

саясат туралы Концепцияда конституциялық заңдылықты қамтамасыз етудің маңызды механизмі -Конституция нормалары мен қағидаларын нақты интерпретациялау және ұлттық құқық пен құқыққолдану практикасының қажетті бағыттарын қалыптастыруда Конституциялық Кеңестің тиімділігін арттыру көзделді. «Бірақ бұл органның нормативті ережелері құқықтың қайнар көзі ретінде заңнамада мүлдем көрініс бермеді, не өз қаулыларының сипаттау бөлігінде беріліп, қорытынды шешімінде көрсетілмей, әрекет етуші құқықта тиісті орнын ала алмады.» [9, 39 б.]

Сондықтан бүгінгі конституциялық реформа қарсаңында адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау бойынша өндірістерінің артуы конституциялық бақылау органының тиімді қызметі мен сапалы шешімдерін қажет етіп отыр. Азаматтардың конституциялық шағымдануы адам құқықтарының қорғалу дәрежесін көтеріп қана қоймай, қазіргі демократиялық мемлекеттің негіздерін қалыптастырып, конституциялық құқықтарды соттық қорғап, азаматтардың мемлекет басқаруына араласуына мүмкіндік береді. «Соттардың құқықтық позициялары заңшығарушылар мен құқыққолданушыларға түзету жасап, мемлекеттік қызметшілердің, азаматтардың, азаматтық қоғам субъектілерінің конституциялық құқықтық саналарына жақсы әсер етеді.» [10, 45 б.]

Негізгі ережелер.

ҚР конституциялық реформа барысындағы Конституциялық Сот конституциялық бақылаудың жаңа міндеттерін қалыптастыратын ықпалды құрлым болу керек. Оның Конституцияның үстемдігі мен қорғалуын қамтамасыз етудегі қызметі маңызды әрекеттерімен көрінбек. Оның билік жүйесіндегі маңызды құқықтық құрлым ретіндегі маңызын және беделін арттыруда мәртебесі мен өкілеттігін бекіте беру қажет. Осы мақсатта, біздің тұжырымыз бойынша мынадай шараларды жүргізу керек.

Біріншіден, азаматтардың жолданымдарымен конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғау

шараларын жүргізе беру қажет. Заман талабына сай, демократиялық негіздерді сақтайтын адам құқықтары бойынша түсіндірулер мен талдаулардың болуы;

Екіншіден, саяси процестерде, сайлау қатынастарында белсенділік пен саяси және идеологиялық плюрализмді арттыру үшін саяси партиялар мен қоғамдық ұйымдардың Конституциялық Сотқа жүгіну құқықтарын бекіту қажет. Бұл мемлекет үшін билік тармақтары мен органдарының қызметі мен құрылуына, сайлау қатынастарының дұрыс өтуіне оң ықпал етеді. Саяси процестерге мемлекет пен оның органдарынан тыс азаматтық қоғамның субъектілерінің белсенді қатысуы мемлекеттік басқарудың объективті және бесекелес болуын қамтамасыз етіп, бүкіл басқару процессінің қоғамдық бақылауда болуын бекітеді.

Үшіншіден, Конституциялық бақылаудың тәуелсіз болуында, оны құру кезінде Президент пен заңшығару органдарының қатысуы жеткіліксіз деп ойлаймыз. Сондықтан кандидаттарды іріктеуде Жоғарғы Сот Кеңесі, Адвокаттар алқасы, Судьялар Одағы, Заңгерлер қауымдастығы, т.с.с сияқты қоғамдық ұйымдар мен кәсіби қоғамдастықтардың ұсыныстарымен анықтау тәжірибесін енгізу керек. Сол сияқты олардың жеке қабілеттерінде тек саяси мүдде тұрғысынан ғана емес, аналитикалық (шығармашылық) ұстанымдарда талдау жасайтын тұлғалардың іріктелуі қажет деп санаймыз.

Сонымен бірге, объективті шешімдер қабылдауында, бірауыздан шешім қабылдауға қатыспаған судьялардың ерекше пікірлерінің жариялануы қажеттігі. Бұл конституциялық сот өндірісіндегі ашықтық пен әртүрлі ұстанымдар мен пікірлердің талқысын көрсетеді және өзгеше позицияларды көруге мүмкіндік береді.

Қорытынды.

Қазіргі қоғамдық қатынастарды нормативті реттеудің ауқымының артуын байланысты адам өмірінің барлық саласында конституциялық бақылау мәселесінің өзектілігі артып отыр. Адам құқықтары мен бостандықтарының әділ қорғалуы мен конституциялық заңдылық

үстемдігінің бекітілуі мемлекет пен тұлға арасындағы үйлесімді қатынастардың негізі болып қала бермек.

Конституциялық Соттың объективті және кәсіби қызметі адам құқықтары мен

мемлекеттік билікті қалыптастырудағы мәселелерді дұрыс түсіну мен анықтауда ғана емес, мемлекеттің құқықтық жүйесі үшін маңызды.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы. Қазақстан Республикасының 2022 жылғы 8 маусымдағы Заңы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z220000001K> (қаралған күн 15.09. 2024 ж.)

2. Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты туралы. Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы 2022 жылғы 5 қарашадағы № 153-VII ҚРЗ. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2200000153> (қаралған күн 15.09. 2024 ж.)

3. Жанузакова Л.Т., Караев А.А. Некоторые вопросы развития конституционного права в свете реализации концепции правовой политики республики казахстан до 2030 года. Вестник института законодательства и правовой информации РК. No 1 (68)-2022, 22-31 С., <https://vestnik.zqai.kz/index.php/vestnik/article/view/385/579> (қаралған күн 15.09. 2024 ж.)

4. Glavina, M. From a potentially powerful to a polarised court: the emergence of dissenting opinions on the Croatian Constitutional Court. European Politics and Society, (2023). 25(3), 518–536. <https://doi.org/10.1080/23745118.2023.2244389>; <https://www.tandfonline.com/doi/full/10.1080/23745118.2023.2244389?src=recsys#d1e106>

5. Steuer, M. (2023). Judicial self-perceptions and the separation of powers in varied political regime contexts: the constitutional courts in Hungary and Slovakia. European Politics and Society, 25(3), 537–555. <https://doi.org/10.1080/23745118.2023.2244390>; <https://www.tandfonline.com/doi/full/10.1080/23745118.2023.2244390?src=recsys>

6. КОНСТИТУЦИЯ РЕСПУБЛИКИ УЗБЕКИСТАН. <https://lex.uz/ru/docs/6445147#6447841> Конституционный Закон Республики Узбекистан «О Конституционном суде Республики Узбекистан» Принят Законодательной палатой 13 января 2021 года. <https://lex.uz/ru/docs/5391999халы00а> (қаралған күн 15.09. 2024 ж.)

7. КС пояснил, могут ли политические партии собирать подписи вблизи мест выдачи пенсий и иных выплат. <https://www.advgazeta.ru/novosti/ks-poyasnil-mogut-li-politicheskie-partii-sobirat-podpisi-vblizi-mest-vydachi-pensiy-i-inykh-vyplat/> (қаралған күн 10.09. 2024 ж.)

8. Конституционный суд на страже Конституции. <https://lprc.kz/ru/news/konstitucionnyj-sud-na-strazhe-konstituczii/> (қаралған күн 10.09. 2024 ж.)

9. С.Ф. БЫЧКОВА О некоторых проблемах законодательного регулирования конституционного надзора в Республике Казахстан. Вестник Института законодательства Республики Казахстан. научно-правовой журнал, № 1-2 (29-30)2013.39-45 С. <https://vestnik.zqai.kz/index.php/vestnik/article/view/1148/1006> (қаралған күн 11.09. 2024 ж.)

10. А.А. КАРАЕВ Конституционный суд – важнейший орган защиты прав и свобод человека и гражданина: историко-правовой опыт зарубежных стран. Вестник Института законодательства и правовой информации Республики Казахстан. научно-правовой журнал №4 (71)-2022. 41-49 С. (қаралған күн 11.09. 2024 ж.)

Reference

1. Kazakstan Respublikasynyn Konstitutsiyasyna ozgerister men tolyktyrular engizu turaly. Kazakstan Respublikasynyn 2022 zhylygy 8 mausymdagy Zany. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z220000001K>

2. Kazakstan Respublikasynyn Konstitutsionalyk Soty turaly. Kazakstan Respublikasynyn Konstitutsiolik zany 2022 zhylygy 5 karashadagy № 153-VII KRZ. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2200000153>

3. Zhanuzakova L.T., Karayev A.A. Nekotoryye voprosy razvitiya konstitutsionnogo prava v sushchestvuyushchey kontseptsii zakona politiki Respubliki Kazakhstan do 2030 goda. Vestnik instituta zakonodatel'stva i zakonov informatsii RK. №1 (68)-2022, 22-31 С., <https://vestnik.zqai.kz/index.php/vestnik/article/view/385/579>

4. Glavina, M. From a potentially powerful to a polarised court: the emergence of dissenting opinions on the Croatian Constitutional Court. European Politics and Society, (2023). 25(3), 518–536. <https://doi.org/10.1080/23745118.2023.2244389>; <https://www.tandfonline.com/doi/full/10.1080/23745118.2023.2244389?src=recsys#d1e106>

5. Steuer, M. (2023). Judicial self-perceptions and the separation of powers in varied political regime contexts: the constitutional courts in Hungary and Slovakia. European Politics and Society, 25(3), 537–555. <https://doi.org/10.1080/23745118.2023.2244390>; <https://www.tandfonline.com/doi/full/10.1080/23745118.2023.2244390?src=recsys>

6. KONSTITUTSIYA RESPUBLIKI UZBEKISTAN. <https://lex.uz/ru/docs/6445147#6447841>.
Konstitutsionnyy Zakon Respubliki Uzbekistan «O Konstitutsionnom sude Respubliki Uzbekistan» Prinyat Zakonodatel'noy palatoy 13 yanvarya 2021 goda. <https://lex.uz/ru/docs/5391999khaly00a>
7. KS poyasnyayet, chto mozhet byt' politicheskaya partiya podachi podklyucheniye vblizi mest vydachi pensiy i inykh vyplat. <https://www.advgazeta.ru/novosti/ks-poyasnil-mogut-li-politicheskie-partii-sobirat-podpisi-vblizi-mest-vydachi-pensiy-i-inykh-vyplat/>
8. Konstitutsionnyy sud na strazhe Konstitutsii. <https://lprc.kz/ru/news/konstitucionnyj-sud-na-strazhe-konstituczii/>
9. S.F. BYCHKOVA O nekotorykh problemakh zakonodatel'nogo regulirovaniya konstitutsionnogo nadzora v Respublike Kazakhstan. Vestnik Instituta zakonodatel'stva Respubliki Kazakhstan. nauchno-pravovoy zhurnal, № 1-2 (29-30)2013.39-45 S. <https://vestnik.zqai.kz/index.php/vestnik/article/view/1148/1006>
10. A.A. KARAYEV Konstitutsionnyy sud – vazhneyshiy organ zashchity prav i svobod cheloveka i grazhdanina: istoriko-pravovoy opyt zarubezhnykh stran. Vestnik Instituta zakonodatel'stva i zakona informatsii Respubliki Kazakhstan. nauchno-pravovoy zhurnal №4(71)-2022. 41-49 S.

Авторлар туралы мәліметтер / Информация об авторах / Information about authors

Бактыбеков Мұхтар Бактыбекұлы, Alikhan Bokeikhan University, құқық магистрі, аға оқытушы, ұялы телефон 87753699927, (mukhtar-79@mail.ru)

Бактыбеков Мухтар Бактыбекұлы, Alikhan Bokeikhan University, магистр права, старший преподаватель, сот. телефон 87753699927, (mukhtar-79@mail.ru)

Baktybekov Mukhtar Baktybekuly, Alikhan Bokeikhan University, Master of Law, senior lecturer, phone 87753699927, (mukhtar-79@mail.ru).

Матаева Майгуль Хафизовна, Alikhan Bokeikhan University, заң ғылымдары докторы, ұялы телефон 87771517010, (maigulm@mail.ru)

Матаева Майгуль Хафизовна, Alikhan Bokeikhan University, доктор юридических наук, сот. телефон 87771517010, (maigulm@mail.ru)

Mataeva Maygul Khafizovna, Alikhan Bokeikhan University, Doctor of Law, phone 87771517010, (maigulm@mail.ru)